



010000, Астана қ., Бейбітшілік к-сі, 11 үй
тел: 55-66-31, 55-66-37, факс: 55-72-94

010000, г. Астана, ул. Бейбитшилик, 11
тел: 55-66-31, 55-66-37, факс: 55-72-94

№
08.02.19 № 1

**Тұрақты комиссияның
2019 жылғы
8 ақпандағы қаулысы**

**Астана қаласында туберкулездің
эпидемиологиялық жағдайы және
туберкулезге қарсы өткізілетін
іс-шаралардың тиімділігі туралы**

Астана қаласы мәслихатының әлеуметтік - мәдени даму мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясы "Астана қаласында туберкулездің эпидемиологиялық жағдайы және туберкулезге қарсы өткізілетін іс-шаралардың тиімділігі туралы" ақпаратты тындап, талқылай отыра, қалалық атқарушы органдар туберкулезбен ауыру және қайтыс болуды төмендету жөнінде шаралар қабылдап жатқандығын анықтады.

2014-2020 жылдарға арналған Қазақстан Республикасында туберкулезбен күрес жөніндегі кешенді жоспардың іс-шараларын іске асыру мақсатында туберкулезге қарсы қызметтің материалдық - техникалық базасын нығайту жөнінде іс-шаралар өткізілді. Инфекциялық бақылаудың заманауи талаптарына сәйкес Туберкулезге қарсы диспансердің 305 кереуетке арналған стационары терапиялық және хирургиялық блоктардан, балалар мен жасөспірімдерді емдеу блоктарынан, рентгенологиялық және эндоскопиялық бөлімшелерден, клиникалық - бактериологиялық зертханалардан тұрады. Инфекциялық мәртебеге сәйкес ауруларды бөліп госпитальдау қамтамасыз етілген, сору желдеткішінің дамыған жүйесінің болуы есебінен аурухана ішінде ауру жұқтыру деңгейі төмендеуде.

Кадрлық әлеует 578 қыметкер, оның ішінде 101 дәрігер (жинақталуы 90,1%), 209 орта медициналық білімі бар қызметкерлер (жинақталуы 94,3%).

Туберкулездің бактериологиялық диагностикасын ұйымдастыру бойынша қызмет жетілдірілуде, амбулаторлық емдеу түрлері кеңейтілуде, қала бойынша амбулаторлық емделудегі пациенттерді емдеудің карта мониторингі google онлайн құрылды.

Елордада туберкулезді бақылау жөніндегі жүйелі іс-шараларды жүзеге асыру эпидемиологиялық жағдайды жақсартуда өз бейнесін тапты. Сонымен, соңғы 10 жылда Астана қаласы бойынша аурудың 4,5 есеге төмендегені

байқалады: 100 мың адамға шаққанда 2008 жылғы 125,5-тен 2018 жылы 48,8-ке дейін төмендеді. Қазақстан Республикасы бойынша бұл кезеңде туберкулезбен ауыру көрсеткіші 2,6 есеге төмендегіні байқалады. 2018 жылдың қорытындысы бойынша 2017 жылмен салыстырғанда ауру 10,2%-ға төмендеді.

Туберкулезді анықтау бойынша ведомствоаралық және сектораралық өзара іс-қимылды күшейту жөніндегі қызмет жандандырылды. Алғашқы медициналық-санитарлық қызмет, Қоғамдық денсаулық сақтау және полиция, ЖИТС, наркология және психотерапия, Астана қаласының өмірлік қиын жағдайға тап болған тұлғаларды қайта әлеуметтендіру қызметтерімен бірлесіп, туберкулезді анықтау бойынша тәуекел топтарында мақсатты жұмыстар жүргізілуде. Базарларда, құрылыс алаңдарында, уақытша ұстау изоляторларында және т. б. адамдардың жыл сайынғы тексерулері жүргізіледі.

Туберкулезге флюорографиялық зерттеуге тартылатын сыртқы мигранттар санының жыл сайын ұлғаюы байқалады. Сонымен, егер 2015 жылы (жоба басы) 213 мигрант табылып, зерттеуге тартылса, 2018 жылы 1453 (6,7 есеге көп) тартылды.

Медициналық көмекке қолжетімділікті кеңейту мақсатында 2015 жылдан бастап еңбек мигранттары арасында туберкулезді бақылау және емдеу жобасы жүзеге асырылуда. 2017-2018 жылдарға арналған Астана қаласы бойынша Мигранттар арасында туберкулезді бақылау жөніндегі ведомствоаралық жоспар құрылды.

Астана қаласы әкімдігінің құрылымдық бөлімшелерімен, пәтер иелері кооперативтерімен, Ұлттық Кәсіпкерлер палатасымен бірлесіп қаланы картаға салу бойынша іс-шаралар өткізілді, мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл алгоритмі жолға қойылды, көшіп-қонушыларды тұратын және жұмыс орны бойынша іздеу тетігі пысықталды. Шығыс еліне бару үшін құжаттау мәселелері шешілді.

Туберкулезді хирургиялық емдеудің инновациялық әдістері енгізілуде. 2019 жылы Астана қаласының туберкулезге қарсы диспансерінің базасында өкпе туберкулезі және өкпеден тыс локация хирургиясының өңірлік орталығы құрылды.

Туберкулезді алдын ала анықтауды қамтамасыз ету мақсатында 2018 жылдың қазанында ТБ Стоп серіктестігімен Zero TB бастамасына қосылуға ниет ету туралы декларацияға қол қойылды. Халықаралық тәжірибеге қолжетімділік, ақпараттық ресурстармен және осы жобаны қолдаудың өзге де коалициясымен тәжірибе алмасу қарастырылуда.

Туберкулезбен ауыратындарға әлеуметтік қолдау көрсету бойынша шаралар қабылдануда. Осы мақсаттарда жеңілдікті жол жүру, азық-түлік пакеттері ұсынылады.

Сонымен бірге, Астана қаласы мәслихатының әлеуметтік - мәдени даму мәселелері жөніндегі тұрақты комиссия Астана қаласында туберкулезбен күрес жөніндегі жұмыстар әрі қарай жетілдіруді қажет екендігін атап көрсетті.

2018 жылы 100 мың адамға шаққанда 2017 жылғы 1,8-ден 2,8-ге дейін туберкулезден қайтыс болу қымы байқалады. Себебін талдау туберкулезден қайтыс болудың маңызды факторы слордаға ішкі көші - қон үрдістері екендігін көрсетеді. Осы санат арасында туберкулезді анықтау жоғары деңгейде. Сонымен, 2018 жылы 1000 қаралғанға ол 12,4 құрады (2017 жылы - 6,2; 2016 жылы - 15,7 және 2015 жылы - 32,9). Мигранттардың профилактикалық тексеруден өтірік өту жағдайлары бар.

Туберкулезбен ауыратын ауруларыдң 76,7 пайызы қолайсыз материалдық жағдайдағы тұлғаларға жатады. Туберкулезбен ауыратын әрбір бесінші тұлға Астанаға бір жыл ішінде келген, әрбір екіншісінің тұрақты жұмысы жоқ және әрбір төтіншісінің кірісі қықкоріс минимумынан төмен. Туберкулезбен ауыратындардың жартысынан көбінің өз үйлері жоқ, сондықтан жалдамалы пәтерлерде тұрады.

Қаланың жалпы білім беру мектептерінде және кейбір елорда колледждерінде туберкулезді анықталу жағдайлары бар.

Жекеменшік мектепке дейінгі мекемелердегі балаларда туберкулезді ертерек анықтау мәселесі үлкен назарды қажет етеді.

Кадрлар тапшылығын толтыру және кадрлық әлеуетті көтеру мақсатында туберкулезге қарсы қызметтің хирургия блогының мамандарын тұрғын үймен қамтамасыз ету мәселелері шешуді қажет етеді.

Медицина академиясының студенттеріне, біліктілікті көтеру курсының тыңдаушыларына және диспансердің 500-ден астам қызметкерлеріне бір ғана бағыттағы 22-ші автобустың болуы қиыншылық тудыруда, автобустардың көбі ескі, қыста жылытылмайды және тез сыңып қалады.

Астана қаласы мәслихатының әлеуметтік - мәдени даму мәселелері жөніндегі тұрақты комиссия **қаулы етті:**

1. Астана қаласында туберкулездің эпидемиологиялық жағдайы және туберкулезге қарсы өткізілетін іс-шаралардың тиімділігі туралы ақпарат назарға алынсын.

2. **Астана қаласының әкімдігіне** Астана қаласы бойынша туберкулезді бақылауды күшейту жөніндегі жұмыстарды жалғастыру;

- "Астана қаласының Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы" ММ-нің еңбек көші-қоны бойынша елордаға келетін адамдар туралы Астана қаласының бастапқы медициналық-санитарлық көмек ұйымдарын есепке алу және хабардар етудің тұрақты жұмыс істейтін жүйесін құру үшін Астана қаласына келетін адамдарды есепке алудың бірыңғай ақпараттық жүйелеріне қолжетімділігін қамтамасыз ету мәселесін қарау;

- туберкулезге қарсы қызметті жалпы қаржыландырудың кемінде 4 пайызын туберкулезбен ауыратындарға әлеуметтік қолдау көрсетуге жалпы қаржыландыруды сақтауды көздеу және әлеуметтік қолдау деңгейін айына 10АЕК деңгейіне жеткізу туралы мәселені қарау;

- қаланың денсаулық сақтау жүйесінде осы мамандану дәрігерлерінің болмауын және басқа өңірлерден жоғары білікті мамандарды тарту қажеттілігін ескере отырып, туберкулезге қарсы қызметтің тар бейінді мамандарын тұрғын үймен қамтамасыз етуді қарастыру;

- туберкулездің қауіптілігі туралы, ауруды ерте анықтау мақсатында симптомдарды анықтау кезінде уақытылы қарау қажеттілігі туралы халықтың қалың жігін хабардар етуді қамтамасыз ету ұсынылсын.

3. «Жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау» ММ-не:

- туберкулезбен ауыратындарды әлеуметтік қолдауды қаржыландырудың қажетті қосымша көлемі бойынша есептер;

- әлеуметтік қолдау көрсету тетігі: бойынша ұсыныстар: қаланың сауда желісінде азық-түлік сатып алу мүмкіндігімен азық-түлік карточкаларына ақша сомасын аудару және қалалық көлікте жол жүру төлемі бойынша ұсыныстар беру ұсынылсын.

4. Қоғамдық денсаулықты қорғау департаментіне профилактикалық тексерулерден, оның ішінде туберкулезді жекеменшік секторлардағы тұрғындардан өтулерінің растығына бақылауды күшейту ұсынылсын.

5. "Астана қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасы" ММ-не туберкулезбен ауыратын адамдарға әлеуметтік көмек көрсету жөніндегі шаралар туралы толық ақпарат дайындау ұсынылсын. Қалалық мәслихатқа халықтың көрсетілген санатын әлеуметтік қолдау деңгейін арттыру бойынша ұсыныстар ұсынылсын.

6. "Астана қаласының Білім басқармасы" ММ қалалық мәслихатқа жеке меншік мектепке дейінгі мекемелерге баратын балалардың туберкулезді ерте диагностикалау және оның алдын алу бойынша атқарылған жұмыстар туралы ақпарат беру ұсынылсын.

7. "Астана қаласының Көлік және жол-көлік инфрақұрылымын дамыту басқармасы" ММ №15 автобус маршрутын Астана қаласының туберкулезге қарсы диспансеріне дейін бір аялдамаға ұзарту ұсынылсын.

8. Осы қаулының орындалуын бақылау Астана қаласы мәслихатының әлеуметтік - мәдени даму мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына тапсырылсын.

**Астана қаласы мәслихатының
әлеуметтік - мәдени даму
мәселелері жөніндегі тұрақты
комиссиясының төрағасы**



М. Шайдаров